



**plans.label.author:** Жәлімбет Айсәуле Жақсыбергенқызы

**plans.label.category:** Өзін-өзі тану

**plans.label.class:** 3- сынып

**plans.label.section:** Әсемдік әлемінде!

**plans.label.theme:** Жанды су

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Білімділік:оқушыларға судың қасиетін,қажеттілігін түсіндіру; Дамытушылық:оқушыларды суды үнемдеуге,сақтауға, дұрыс пайдалана білуге баулу; Тәрбиелік:оқушыларды жауапкершілікке тәрбиелеу;
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: адам өміріндегі судың маңыздылығын ұғынады. Көпшілігі: судың адам өміріндегі маңыздылығын ұғына отырып, судың қасиеттерін түсінеді. Кейбірі: судың қасиеттерін түсіне отырып, тәжірибе жасай алады.
Күтілетін нәтиже:	Су жайында, оның пайдасы туралы білімдері кеңейеді. Қоршаған ортаны қорғауға тәрбиеленеді.
Пәнаралық байланыс:	Биология,физика,география,математика
Құндылық	Дұрыс әрекет
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Топтық жұмыс,тәжірибе, шығармашылық жұмыс, рефлексия

### plans.stages

plans.schedule.stages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы (7 минут)	1.Психологиялық ахуал. Ұйымдастыру кезеңі: 1.Ынтымақтастық атмосферасын орнату мақсатында «Қалыптан тыс амандасу» алаңына шақырып, жағымды психологиялық ахуал туғызу. (Оқушылар бір-біріне қарама-қарсы тұрып қалыптан тыс амандасады) Қазақтар- қол алысады, Бразилия- иық қағады Никарагуа- арқасымен, Зимбабве- шынтақпен, Австралия- шапалақ, секіру арқылы амандасады <b>Топқа бөліну:суреттер құрастыру арқылы 3 топқа бөлу</b> Бүгінгі сабақтың тақырыбын ашу мақсатында жұмбақтар қойылады. 1.Кескен болам, кесілмейді, кесілсе де бөлінбейді. (Су) 2.Аяғы жоқ, қолы жоқ Бірақ тыныш тұрмайды. Санамасаң – қорын тек, Барша тіршілік құрайды. (Су) <b>«Бұлақ көрсең,көзін аш»</b> -«Бұлақ көрсең,көзін аш» дегенді қалай түсінесіңдер? - Бұлақтың қандай қасиеттерін білесіңдер?	«Қалыптан тыс амандасу» Дәйексөз

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың ортасы (25минут)	<p><b>«Мұғалім сыйы»</b>  Бейнежазба: «Су.Судың қасиеттері»  Бейнежазба бойынша тәжірибе жасау.  №1 тәжірибе.Суды бір стақаннан екінші стаканға құйыңыздар.Не байқадыңыздар?Судың қандай қасиетін байқадыңыздар?  <b>Түйін:Су ағады,ол сұйық.</b>  №2 тәжірибе.Балалар судың дәмін көріңіздер.Дәмі қандай?  <b>Түйін:Судың дәмі жоқ.</b>  №3 тәжірибе.Суы бар стаканды алыңыздар.Оған қасық салыңдар.Қасық көріне ме? <b>Түйін:Су мөлдір.</b>  №4 тәжірибе.Стакандағы суға түрлі-түсті таяқшаны салыңыздар.Судыңтүсі қандай? <b>Түйін:Су түссіз.</b>  №5 тәжірибе.Мынау белгісіз сұйық.Мұның иісі жағымсыз болуы мүмкін.Сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтай отырып,оның иісін білуіміз керек.Ол үшін сұйықтық тұрған ыдысты алысырақ қоямыз. Қолымызбен толқын қимыл жасап,ыдыстағы суды өзімізге шақырамыз.Мұрнымыз не сезді?Судың иісі бар ма?  <b>Түйін:Судың иісі жоқ.</b>  <b>I топ.</b>  <b>1)Су туралы жұмбақ шешу.</b>  1.Бар-бар, атым бар,  Жүйрік қана затым бар.  Жылқыға ұқсап кісінемес,  Қолға ұстасам, тістемес.(Арықтың суы)  2. Қыстыгүні аппақ, Жаздыгүні сұп-сұйық.(Қар, су)  2) Логикалық тапсырма.Адам күніне 5 литр су ішу керек болса,1 айда неше литр су ішуі керек? (150 л)  3)Алгоритм сұрақтар.  - Не? (Су)  - Қандай? (Түссіз, мөлдір, ащы, тұщы)  - Түрлері (Өзен, көл, теңіз, жауын-шашын, мұз, бұлт, бұлақ)  - Зиянды заттар (Қоқыс, өндіріс қалдықтары, шайынды сулар)  - Пайдасы (Көлік, тазалық, ауыз су, өсімдік).  <b>II топ. 1)Су туралы жұмбақ шешу.</b>  1.Шыққанда шығыны жоқ,Жауса жауын бүйірі тоқ,Қыста жылтыр қақ болар,Түртінектеп тынымы жоқ.(өзен)  2.Мұрынсыз шымшық мұз теседі.(тамшы)  2)Логикалық тапсырма.1 кг бидай дәнін өсіру үшін шамамен 2 тонна су жұмсалады. Ал 100 кг бидай дәнін өсіру үшін қанша су керек?  3) Сұрақ. Қыста өзеннің үстін мұз басады. Мұз қайдан пайда болады? Суықта су қатып мұзға айналады.  <b>III топ. 1)Су туралы жұмбақ шешу.</b>  1.Бір шұқырда көп шұқыр,Іштен түртіп көп шұқыр.(Бұлақ суы)  2. Көтеріліп теңізденАспанға биік барамын.Биіктен қайта түскендеӨңі кірер даланың.(Жаңбыр)  2) Тормен су әкелуге бола ма?  3)Табиғатта су барлық жерде әр түрлі кездеседі. Табиғатта су өте көп. Ол біздің тіршілігімізге өте қажет.Сұрақ. Суды қандай жерлерде кездестірдіңдер? (Көл, өзен, тоған, құдық, жаңбыр суы)</p>	Бейнежазба. Тәжірибе
Сабақтың соңы (3 минут)	Топпен ән айту «Балбұлақ» әні	Әні: М.Жаманбалинов Сөзі: Н.Дүкенбай
Рефлексия (5-минут)	1-қадам.Судың адам тіршілігіне қажетті жағдайларын ата. 2-қадам.Судың неше күйі бар? 3-қадам.Судың қасиеттерін ата. 4-қадам.Адам сусыз неше күнге шыдай алады? 5-қадам.Жер бетінің неше бөлігін су алып жатыр?	"Қадам бас"